8D071 – «Инженерия және инженерлік іс» даярлау бағыты,
8D07102 – «Көлік, көлік техникасы және технологиялар» білім беру
бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін ұсынылған
Байгожина Перизат Увалиевнаның
«Жүк вагондарының жұмыс қабілеттілігін болжау негізінде оларды
пайдалану тиімділігін арттыру әдісін әзірлеу» тақырыбындағы
диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Байгожина П.У. диссертациялық зерттеуі жүк вагондарының техникалық жай-күйін бағалау, жұмысқа қабілеттілігін болжау және техникалық-экономикалық көрсеткіштер негізінде оларды одан әрі пайдалану жөнінде шешім қабылдау тәсілдерін жетілдіру арқылы пайдалану тиімділігін арттыруға бағытталған.

Теміржол көлігі Қазақстан Республикасының жүк тасымалдау жүйесінде маңызды орын алады. Тасымал көлемі мен вагон паркіне түсетін пайдалану жүктемесінің артуы олардың техникалық жарамдылығын қамтамасыз етудің тиімді тәсілдерін жетілдіруді талап етеді. Осы тұрғыда жүк вагондарының негізгі тораптарының техникалық жай-күйі мен істен шығу ықтималдығын бағалау, сондай-ақ техникалық-экономикалық көрсеткіштерді ескере отырып, оларды одан әрі пайдалану жөнінде шешім қабылдау өзекті болып табылады.

Диссертациялық жұмыстың ерекшелігі жүк вагондарын пайдалану тиімділігіне әсер ететін екі мәселенің бір зерттеу шеңберінде қарастырылуында. Біріншісі вагонның техникалық жай-күйіне сәйкес оны одан әрі пайдалану нұсқасын анықтаумен байланысты болса, екіншісі техникалық қызмет көрсету пункттерін қажетті қосалқы бөлшектермен қамтамасыз етуді жетілдіруге бағытталған. Бұл міндеттердің өзара байланысы техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын ұйымдастыруда қабылданатын шешімдердің орындалуын материалдық ресурстармен қамтамасыз ету қажеттілігімен түсіндіріледі.

Зерттеу барысында жүк вагондарының пайдалану жағдайлары, техникалық бақылау және жөндеу жүйесінің ерекшеліктері қарастырылып, Қарағанды теміржол бөлімшесінің пайдалану деректеріне талдау жасалған. Статистикалық зерттеу нәтижесінде вагондардың негізгі тораптарында кездесетін ақаулардың таралуы мен істен шығу ықтималдықтары анықталған. Бұл деректер вагонның техникалық жай-күйін сандық бағалау және одан әрі пайдалану нұсқасын таңдаудың есептік негізін қалыптастыру үшін пайдаланылған.

Автор ұсынған ықтималдық-детерминирленген модель жүк вагонының жұмысқа қабілеттілігін оның негізгі тораптарының техникалық жай-күйі мен істен шығу ықтималдығы негізінде бағалауға мүмкіндік береді. Модельдің нәтижелері техникалық-экономикалық көрсеткіштермен байланыстырыла

отырып, вагонды одан әрі пайдалану жөніндегі шешім қабылдау алгоритмінде қолданылған.

Диссертацияның қосалқы бөлшектер қорын басқаруға арналған бөлігінде станциялардағы нақты қор мөлшері мен қажеттілік арасындағы сәйкессіздіктерді азайту мәселесі зерттелген.

Диссертациялық жұмыста қолданылған зерттеу әдістері қойылған міндеттердің сипатына сәйкес таңдалған. Статистикалық талдау, ықтималдылықтар теориясы, бақылау, математикалық модельдеу, көпкритерийлі бағалау нәтижелердің ғылыми негізділігін қамтамасыз етуге бағытталған. Есептік нәтижелерді нақты пайдалану деректерімен салыстыру ұсынылған тәсілдердің практикалық қолданылуын бағалауға мүмкіндік берген.

Жұмыстың қолданбалы маңызы әзірленген шешім қабылдау алгоритмін, бағдарламалық модульді және қосалқы бөлшектерді қайта бөлу әдістемесін теміржол көлігінің пайдалану қызметінде қолдану мүмкіндігімен сипатталады.

Жалпы алғанда, диссертацияда қойылған ғылыми міндеттер өзара байланысты түрде шешілген. Зерттеудің теориялық және қолданбалы нәтижелері жүк вагондарын техникалық жай-күйі бойынша бағалау мен оларды пайдалану тиімділігін арттыруға арналған әдістемелік негізді толықтырады. Жұмыстың мазмұны, алынған нәтижелері және оларды практикалық қолдану мүмкіндіктері зерттеу мақсатына қол жеткізілгенін көрсетеді.

Байгожина Перизат Увалиевнаның диссертациялық жұмысы теміржол көлігінде жүк вагондарын пайдалану тиімділігін арттыруға бағытталған, ғылыми және практикалық маңызы бар нәтижелер алынған аяқталған ғылыми-біліктілік еңбек болып табылады. Зерттеу нәтижелері философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертацияларға қойылатын талаптарға сәйкес келеді, ал оның авторы Байгожина Перизат Увалиевна 8D07102 – «Көлік, көлік техникасы және технологиялар» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық.

Ғылыми кеңесші

т.ғ.д., «Көлік техникасы және логистикалық жүйелер»
кафедрасының профессор-зерттеушісі
«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды
Техникалық университеті» КеАҚ **Кадыров А.С.**